- ОУ-2, ОУ-5, ОУ-8 қол және ОУ-25, ОУ-80 жылжымалы көмірқышқыл өрт сөндіргіштер.




4.1 сурет – ОП-5, УП-2М типті көбікті өртсөндіргіштер

Жасанды жарықтандыру. Жұмыс орнында жарықтану дұрыс ұйымдастырылғанда адамның көру қабілеттілігі сақталып, оның жүйке жүйесінің қалыпты жағдайы қамтамасыз етіледі. Жұмыс өнімділігі жарықтануға тура байланысты.

Өндірістік жарықтанудың келесі түрлерін айырады: табиғи, жасанды және аралас. Бөлмелерді жарықтандыру кезінде табиғи жарықтануды қолданады. Ол түзу күн сәулелерінен құралады және географиялық ендікке, жыл және күн мезгіліне, атмосфераның мөлдірлігіне байланысты өзгереді. Жасанды жарықтану негізінен электр жарық көздерінен пайда болады. Ал табиғи жарықтану жеткіліксіз болғанда оны жасанды жарықтанумен толықтырады, яғни аралас жарықтануды қолданады.

ДЭЕМ операторлары жұмыс істейтін бөлмелерде жарықтану аралас болу керек. Жасанды жарықтанудың көздері ретінде әдетте доғалы сынап лампалары типті люминесцентті лампалар қолданылады. Олар қос-қостан шырақтарға біріктіріледі. Бұл шырақтар жұмыс орнының үстінде біркелкі-тікбұрышты ретпен ораналасу керек. Компьютерлер орнатылған бөлмелердегі жарықтануға қойылатын талаптар мынадай: жоғары нақтылықты көз жұмыстарын орындаған кезде жалпы жарықтану 300 лк болу керек, ал аралас жарықтану – 750 лк болу керек, осы сияқты орташа нақтылықты жұмыс орындаған кезде талаптар мынадай болады – 200 және 300 лк. Дисплейлермен жұмыс істейтін операторлардың жұмыс орындарын терезе ойығы бүйірінен болатындай терезеден алысырақ орналастырады. Егер де дисплейдің экраны терезе ойығына қарап тұрса, онда арнайы экрандайтын құрылғыларды қолдану керек. Терезелерді жарықты әлсіздендіретін арнайы шторлармен, реттелетін терезе жапқышпен немесе металдандырылған жабыны бар күн көзінен сақтайтын пленкамен жабдықтау керек.




4.2 сурет – Кеңсенің жасанды жарықтандыруын ұйымдастыру схемасы

Дисплей экрандарына түзу жарық ағындарының түсуін болғызбау үшін жалпы жарықтанудың шырақтарын жұмыс орнының бүйірінен оператордың көру сызығына және терезелері бар қабырғаға параллель болатындай орналастырады. Шырақтарды осылай орналастыру табиғи жарықтанудың шамасына байланысты оларды бірізді қосуға мүмкіндік береді және шырақтарды көлденеңінен орналастырғанда пайда болатын жарық пен көлеңкенің алмасқан сызықтары туғызатын көздің тітіркенуін болдырмайды.

Жергілікті жарықтандыру мен көлденең емес беттерді тек қана нүктелік әдіс арқылы есептесе, жоғарғы жарты сферада айтарлықтай шағылған жарықшамнан біртегіс жарықтануда қолдану коэффициенті әдісін қолданады. Бақылау өткізу пункті қызметкері кабинеттің жарықталуын есептеу үшін қолданамыз.

Есептеу мақсаты – шамның жарық ағынын анықтау, типін таңдау және саны мен орналастыру. Кабинет көлемі 15x10x3,3м.



4.3 сурет – Шамдардың орналасу схемасы

Қажетті жарық ағыны (4.1) формуласымен анықталады:

$$F_{\text{ж}} * N = \frac{E_H * K_{\zeta} * S * Z}{\eta}, \quad (4.1)$$

мұнда E_H – лк, жұмыс орнындағы мөлшерленуші жарықтану, $E_H=400$ лк орташа дәлдікті жұмыстар үшін;

K_{ζ} – қор коэффициенті, $K_{\zeta} = 1,5$ газды разрядты шаммен жарықтанатын бөлме үшін;

S – м², жарықталатын бет ауданы, осы жағдай үшін $S=150$ м²;

Z – ең кіші жарықтанудан орташаға өту коэффициенті, $Z=1,1$;

N – шам саны,

η - қолдану коэффициенті, яғни шамның S бетке түскен ағынының салыстырмалы үлесі.

Жарық ағынының еденнен және төбеден шағылу коэффициенттері мен i бөлме көрсеткішінен тәуелді түрде коэффициенттің мәні кесте бойынша анықталады, i мәні келесі қатынаста анықталады:

$$i = D * \Gamma / H_p * (D + \Gamma) = 15 * 10 / 2,5 * (15 + 10) = 1500$$

мұнда $H_p=2,5$ – жарықшамның есептелетін беттен биіктігі,

D – бөлме ұзындығы;

Γ – бөлме ені.

η - коэффициентін анықтайық. Од жарықшамдары үшін $\eta=0,7$ Од.

Шамның жарық ағынын (4.1) формула бойынша анықтаймыз:

$$F * N = (400 * 1,5 * 150 * 1,1) / 0,7 = 141\,428,57 \text{ лм}$$

Жарық ағыны $F_{\text{л}}= 5\,220$ лм люминесцентті ЛБ80 шамын таңдайық. Шамдар санын анықтайық:

$$N = 141\,428,57 / 5\,220 = 27 \text{ дана}$$

Жоғарыда айтылғандай, біз есептеу техникасын қолданамыз, сондықтан біз ЕО арналған стандартты мөлшерлерді қабылдаймыз.

4.2 Бөлмені желдетуді есептеу

Бөлмеге ауаны беру үшін механикалық желдету мен ауаны реттеу жүйелері, сонымен қатар табиғи желдету қолданылады. Механикалық желдету кезінде ауа белгілі бір қысымды құрайтын және желдету желісінде

ауаны қозғалту үшін қолданылатын ауа үретін желдеткіштердің көмегімен орын ауыстырады. Әдетте осьтік және радиалды желдеткіштерді қолданады. Табиғи желдету кезінде ауа бөлме мен сыртқы ауаның температураларының (қысымдарының) айырмашылығы есебінен, сонымен қатар жел қысымының (жел әсерінің) нәтижесінде орын ауыстырады. Табиғи желдетудің әдістері: инфильтрация, желдету. Инфильтрация (табиғи желдету) тұрғын ғимараттар үшін сағатына бөлменің 0,5...0,75 көлеміне жетеді, ал өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін сағатына 1...1,5 көлемге жетеді. Ауаны реттеу деп сыртқы метеорологиялық жағдайларға қарамай, бөлмелерде тұрақты немесе белгілі бір программа бойынша өзгертін ауаның температурасын, ылғалдылығын, тазалығын және қозғалыс жылдамдығын құру мен автоматтық түрде ұстап тұруды айтады. Кондиционер – бұл бөлмеде микроклиматтың белгілі бір параметрлерін қамтамасыз ететін автоматтандырылған арнайы желдеткіш жабдық.

Желдету жүйелерін есептеу шынылау арқылы күн сәулесінен, адамдар, жарық беру құралдары, оргтехника және жабдықтар арқылы жылулықты анықтауға, сонымен қатар бөлмедегі ауаның жылулығын анықтауға негізделген.

Метеорологиялық жағдайлар бөлмедегі жұмыс істейтін адамдардың еңбек өнімділігін арттыру үшін қажет. Бөлмедегі метеорологиялық жағдайларына мына параметрлер жатады: ауаның температурасы, салыстырмалы ылғалдылық, ауа ағынының жылдамдығы және ауаның химиялық тазалығы.

Бөлменің ауасын қалыпты ұстап тұру үшін желдету жүйесі және есептері қарастырылады.

Есептеу бөліміне келетін болсақ бастапқы мәліметтер:

Бөлменің параметрлері: ұзындығы L – 15м, ені B – 10м, биіктігі H – 3,3м.

Жарық көзі бойынша деректер: $N_{осв} = 40$ Вт/ м²- жарық құралдарының қуаты, n – шамдағы шамдардың саны 8, жарық көзінің түрі – люминесцентті шамдар.

Қызметкерлер саны: еркек– 6, әйел- 4.

Терезелер: саны– 2; бір терезенің ауданы – 4м² ($l_{окна}$ терезенің ұзындығы -2м және $B_{окна}$ терезе ені- 2м), түрі-пластикалық түптеу;

Б параметрлері

Есептік уақыт – 13-14 сағ;

Бөлмедегі температура: жазда - 25°С; қыста – 18°С;

Сыртқы ауа параметрлері: есептік географиялық ендік - 44°с.ш. Алматы қ.;

Барометрлік қысым – 930ГПа;

Жыл кезеңі: жылы, ауа температурасы – 25°С (бірақ үй-жайдың ішіндегі және сыртындағы температура жазда шамамен тең), желдің жылдамдығы – 1м/с

Жыл кезеңі: суық, ауа температурасы – (-25°С), желдің жылдамдығы – 1,3м/с

Бөлменің жылу шығаратын көздер мыналар:

- күннен келетін жылу;
- адамдардан шығатын жылу;
- жасанды жарықтандырудан келетін жылу;
- ЭЕМ-нен келетін жылу;
-

Температуралардың әртүрлілігі нәтижесінде жылудың түсуі мен жылудың жоғалуы. $Q_{огр}$ жылу мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_{огр} = V_{пом} \cdot X_0 \cdot (t_{вн} - t_{нар}), \quad (4.2)$$

мұнда $t_{вн}$ – қыста бөлменің температурасы

$t_{нар}$ – сыртқы ауа температурасы

$V_{пом}$ – бөлменің көлемі

X_0 – үлестік жылу сипаттамасы $0,42 \text{ Вт/м}^3 \text{ } ^\circ\text{C}$

Сонымен, мәндерін қоя отырып жылы кезеңдегі жылу мөлшері $Q_{огр} = 0$, өйткені жылдың жылы мезгілінде бөлменің ішіндегі және сыртындағы температура шамамен тең:

$$Q_{огр \text{ жаз}} = 15 \cdot 10 \cdot 3,3 \cdot 0,42 \cdot (25 - 25) = 0$$

Суық уақыт кезеңі үшін:

$$Q_{огр \text{ қыс}} = 15 \cdot 10 \cdot 3,3 \cdot 0,42 \cdot (18 - (-25)) = 8940 \text{ Вт (или 9 кВт)},$$

Яғни $18 \text{ } ^\circ\text{C}$ – бұл жылдың қыс мезгілінде бөлмедегі нақты температура (жылдың суық кезеңінде бөлмедегі температура 18 ден $23 \text{ } ^\circ\text{C}$ ға дейін түрленеді).

Жылдың суық кезеңінде бөлменің сыртындағы температураны таңдау СНиП бойынша немесе ағымдағы жылдың нақты орташа мәні бойынша жүргізіледі.

4.2 кесте бойынша біздің жағдайда сыртқы ауа температурасы $-25 \text{ } ^\circ\text{C}$ тең.

4.2 кесте – 2.04.05-86 СНиП бойынша (Алматы, Тараз, Қарағанды) үш қаланың сыртқы ауаның есептік параметрлері

| Қала | Геогр ендік | Баром қысы м, гПа | Жыл мезгі лі | А параметрлері | Б параметрлері | Орташа тәуліктік амплиуда сы $^\circ\text{C}$ |
|------|----------------|-------------------------|--------------------|----------------|-------------------|--|
| | | | | | | |

4.2 кесте жалғасы

| | | | | тем-ра °С | Удельн энтальп | Жел жылдамдығы | тем-ра °С | Удельн энтальп | Жел | |
|-----------|----|------|------------------|-------------|-------------------|-------------------|-------------|-------------------|--------------|-----------|
| Алматы | 44 | 930 | ЖЫЛ Ы СУЫК | 27,6 -10 | 51,5 -6,7 | 1 1,7 | 31,2 -25 | 54,4 - 24,3 | 1 1, 3 | 11,9 - |
| Тараз | 44 | 1010 | ЖЫЛ Ы СУЫК | 29,4 -9 | 54,4 -6,3 | 1 3 | 33,5 -26 | 56,6 -26 | 1 3 | 17,6 - |
| Қарағанда | 48 | 950 | ЖЫЛ Ы СУЫК | 25,1 -20 | 46,5 -18,8 | 1 6,5 | 31 -32 | 51,9 - 31,8 | 1 5, 8 | 13,3 - |

Ескерту
 1 Жылдың жылы кезеңіндегі А параметрі: шілденің орташа айлық температурасы және үлестік энтальпия, осы географиялық ендікте жылына 400 сағат және одан жоғары мәндер байқалады.
 2 Жылдың суық кезеңіндегі Б параметрі: ең суық бес күндіктегі температура және оған сәйкес энтальпия.

Шыны арқылы күн сәулесінен жылудың түсуі. Күн сәулесінің артық жылуы шынының түріне байланысты 90% дерлік бөлменің ортасымен жұтылады, қалған бөлігі бейнеленеді.

Ең жоғары жылу жүктемесі тікелей және шашыраңқы құрамдас бөліктерден тұратын ең жоғары сәулелену деңгейінде қол жеткізіледі.

Күн сәулесінен (радиация) жылудың түсуі келесі формуламен анықталады:

$$Q_p = m \cdot F \cdot (q^I + q^{II}) \cdot \beta \cdot K_1 \cdot K_2, \quad (4.3)$$

мұнда m – бөлмедегі терезелер саны;

F – терезе ауданы, m^2 (терезенің жарық ойығының ұзындығының еніне көбейтіндісі $F = l_{\text{окна}} \cdot b_{\text{окна}}$);

q^I, q^{II} – тікелей және шашыраңқы радиациядан жылу ағыны $Вт/м^2$, географиялық ендікке байланысты тәуліктің есептік сағаты үшін қабылданады;

β – күннен қорғайтын құрылғылардың сыртқы және ішкі сипаттамасына байланысты, жылу өткізу коэффициенті, 3 кесте бойынша таңдалады;

K_1 – түптеу шынылауының қараңғылану коэффициенті (K_1^c – сәулеленген ойықтар үшін, K_1^T –көлеңкедегі ойықтар үшін);

K_2 – шынылаудың ластану коэффициенті.

4.3 кесте – Шілдеде тік әйнектеу арқылы тікелей (П) және шашыраңқы (Р) радиациядан жылудың (qI , qII) түсуі (СНиП II-33-75)

| Геогра ндік | Шынайы күн уақыты | | Тік әйнектеу түске дейін | | | | | | | |
|----------------|-------------------|-----------------|---------------------------|----|-----|-----|---------|----|---------|----|
| | | | С | | ЮВ | | Ю | | ЮЗ | |
| | | | Тік әйнектеу түстен кейін | | | | | | | |
| | | | С | | ЮЗ | | Ю | | ЮВ | |
| | П | Р | П | Р | П | Р | П | Р | | |
| | Түске дейін | Түстен кейін | | | | | | | | |
| 48 | 5-6 | 18-19 | 93 | 45 | 95 | 45 | - | 27 | - | 26 |
| | 6-7 | 17-18 | 35 | 69 | 237 | 87 | - | 55 | - | 43 |
| | 7-8 | 16-17 | - | 74 | 363 | 109 | 3 | 73 | - | 53 |
| | 8-9 | 15-16 | - | 70 | 427 | 112 | 80 | 81 | - | 60 |
| | 9-10 | 14-15 | - | 64 | 419 | 107 | 18 6 | 86 | - | 65 |
| | 10-11 | 13-14 | - | 60 | 352 | 94 | 27 1 | 87 | 7 | 70 |
| | 11-12 | 12-13 | | 59 | 251 | 84 | 31 7 | 88 | 10 6 | 78 |

4.4 кесте – Күннен қорғайтын құрылғылардың жылу өткізу коэффициенті

| Күннен қорғайтын құрылғы | β |
|---|---------|
| <i>сыртқы</i> | |
| Ашық матадан жасалған перделер немесе маркиз | 0,15 |
| қара матадан | 0,2 |
| ағаш пластинкаларымен 90^0 терезе қақпақтары-жалюзи | 0,15 |
| <i>ішкі</i> | |
| Ашық матадан жасалған перделер | 0,4 |
| қара матадан | 0,8 |

4.5 кесте – Жарық ойықтарының қараюын ескеретін K_1 коэффициенті

| Жарық ойығын толтыру | Ластанбаған атмосфера | Ендегі өнеркәсіп аудандарының ластанған атмосферасы, 0 СШ | | | |
|--------------------------------|-----------------------|--|------|-----------------------------|------|
| | | 44 | | 48 | |
| | | Күн сәулесімен сәулеленген ойық K_1^c | | көлеңкедегі ойықтар K_1^T | |
| Шыны блоктар және шыны профиль | 1 | 0,7 | 0,75 | 1,6 | 1,75 |

4.5 кесте жалғасы

| | | | | | |
|--|------|------|------|------|------|
| Металлмен түптелген шынылау: - бірқабатты | 0,8 | 0,56 | 0,6 | 2,28 | 1,4 |
| - екіқабатты | 0,72 | 0,72 | 0,54 | 1,15 | 1,26 |
| Ағашпен түптелген шынылау: бірқабатты | 0,65 | 0,46 | 0,48 | 1,04 | 1,14 |

4.6 кесте – 80-90⁰ тік шынылауға арналған шынылаудың ластануын ескеретін K₂ коэффициенті

| | |
|--|----------------|
| Шынылаудың ластануы дәрежесі | K ₂ |
| Айтарлықтай (күйесі 10 мг/м ³ көп) | 0,85 |
| Бірқалыпты (күйесі 5-10 мг/м ³) | 0,9 |
| Айтарлықтай емес (күйесі 5 мг/м ³ көп емес) | 0,95 |

$$Q_p = m \cdot F \cdot (q^I + q^{II}) \cdot \beta \cdot K_1 \cdot K_2, \quad (4.4)$$

$$Q_p = 2 \cdot 4 \cdot (271 + 87) \cdot 0,8 \cdot 0,7 \cdot 0,95 = 1523,648 \text{ Вт, немесе } 1,5 \text{ кВт}$$

Адамдардан шығатын жылу. Адамдардың шығатын жылу адамдар орындайтын жұмыстың қарқындылығына және қоршаған ауаның параметрлеріне байланысты.

Адам бөлетін жылу сезілетін (айқын), яғни конвекция және сәуле шығару жолымен бөлменің ауасына берілетін және тері бетінен және өкпеден ылғалдың булануына жұмсалатын жасырын жылудан құралады.

Ескеретін жайт, әйел ересек ер адамның жылу бөлу нормасының 85% - ын бөледі.

Бөлмедегі адам бөлетін айқын жылу келесі формуламен есептеледі:

$$Q_{л}^я = n \cdot q_{явн}, \quad (4.5)$$

мұнда $q_{явн}$ - адам бөлетін айқын жылу (6 кесте).

4.7 кесте – Адамның сыртқы ортаға жылу бөлуі, Вт

| Сыртқы ортаның темп-расы, С | Отыру жағдайында | | | Тұру немесе жеңіл қозғалыс | | | Ауыр жұмыс | | |
|-----------------------------|------------------|---------|-------|----------------------------|---------|-------|------------|---------|-------|
| | айқын | жасырын | жалпы | айқын | жасырын | жалпы | айқын | жасырын | жалпы |
| 10 | 115 | 15 | 130 | 135 | 21 | 156 | 206 | 84 | 290 |
| 14 | 103 | 15 | 118 | 117 | 21 | 138 | 179 | 84 | 263 |

4.7 кесте жалғасы

| | | | | | | | | | |
|----|----|----|-----|-----|----|-----|-----|-----|-----|
| 18 | 89 | 15 | 104 | 100 | 33 | 133 | 157 | 93 | 250 |
| 20 | 82 | 21 | 103 | 92 | 42 | 133 | 140 | 110 | 250 |
| 22 | 76 | 26 | 102 | 84 | 48 | 132 | 117 | 132 | 249 |
| 24 | 67 | 35 | 102 | 72 | 60 | 132 | 95 | 154 | 249 |
| 26 | 61 | 41 | 102 | 63 | 69 | 132 | 81 | 168 | 249 |
| 28 | 51 | 51 | 102 | 53 | 79 | 132 | 64 | 185 | 249 |

Бастапқы мәліметтер бойынша бөлмеде 6 ер адам және 4 әйел жұмыс істейді, жаз мезгілінде адам бөлетін жылу:

$$Q_{\text{л жазда}}^{\text{я}} = 6 \cdot 61 + 4 \cdot 61 \cdot 0,85 = 573,4 \text{ Вт}$$

Жылдың суық кезеңінде

$$Q_{\text{л қыста}}^{\text{я}} = 6 \cdot 115 + 4 \cdot 115 \cdot 0,85 = 690 + 391 = 1081 \text{ Вт немесе } 1,1 \text{ кВт}$$

Жасанды жарықтандырудан келетін жылу. Шамдардан жылу бөліну келесі формуламен анықталады:

$$Q_{\text{осв}} = \eta \cdot N_{\text{осв}} \cdot F_{\text{п}} \cdot n, \text{ Вт}, \quad (4.6)$$

мұнда η – электр энергиясын жылу энергиясына айналу коэффициенті.

Қыздыру шамдарын пайдалану кезінде $\eta = 0,92 \div 0,97$;
люминесцентті шамдар үшін $\eta = 0,5 - 0,6$. Жарық жүктемесі берілуі тиіс.

$N_{\text{осв}}$ – бөлмені жақсы жарықтандыру үшін шамның қуаты, Вт/м². Алдын ала есептеулерде жақсы жарықтандырылған бөлмелер үшін $N_{\text{осв}} = 50 - 100 \text{ Вт/м}^2$ қабылдауға болады, бұл дипломдық жұмыста тапсырма бойынша 40 Вт/м^2 .

$F_{\text{п}}$ – еденнің ауданы (ұзындығы – 15м; ені – 10м).

n – шамдағы жарық саны 8 дана.

Сонда:

$$Q_{\text{осв}} = 0,5 \cdot 40 \cdot 150 \cdot 8 = 24000 \text{ Вт немесе } 24 \text{ кВт}$$

Ұйымдастыру техникасынан бөлінетін жылу. Бөлмедегі ұйымдастыру техникасы есебінен пайда болатын жылу ағындары орташа есеппен алғанда толық жабдықталған 1 компьютерге немесе жабдықтың қуатынан 30% - 300 Вт алынады.

Яғни 300 Вт немесе $Q_{\text{об}} = 3000 \text{ Вт} = 100\%$

$$Q_{\text{оргтехн}} = 30\%, \text{ сонда } 2100 \text{ Вт немесе } 2,1 \text{ кВт}$$

Бөлмедегі жылу балансы. Сонымен қорытындылай келгенде, жазғы және қысқы кезеңге жеке-жеке жылу балансын есептейміз. Бөлмедегі жылу балансын анықтаймыз:

$$Q_{\text{изб}} = Q_{\text{огр}} + Q_p + Q_l + Q_{\text{осв}} + Q_{\text{об}} + Q_{\text{оргтехн}}, \quad (4.7)$$

$$Q_{\text{изб}} = Q_{\text{об}} + Q_{\text{оу}} + Q_l + Q_{\text{ср}} - Q_{\text{отд}}$$

Жылдың жылы кезеңінде:

$$Q_{\text{изб лжаз}} = Q_{\text{огр л жаз}} + Q_p + Q_{\text{л жаз}} + Q_{\text{осв}} + Q_{\text{оргтехн}}$$

$$Q_{\text{изб жаз}} = 0 + 1500 + 573,4 + 24000 + 3000 + 2100 = 31173 \text{ Вт немесе } 31,1 \text{ кВт}$$

Жылдың суық кезеңінде:

$$Q_{\text{изб кыс}} = Q_p + Q_{\text{л кыс}} + Q_{\text{осв}} + Q_{\text{об}} + Q_{\text{оргтехн}} - Q_{\text{огр жаз}}$$

$$Q_{\text{изб кыс}} = 1500 + 1100 + 24000 + 3000 + 2100 - 8940 = 22760 \text{ Вт немесе } 22,8 \text{ кВт}$$

Ауаның жылу кернеулігін мына формула бойынша есептейміз:

$$Q_n = Q_{\text{изб}} \cdot 860 / V_n$$

$$\text{немесе } Q_n = \frac{Q_{\text{изб}} \cdot 860}{V_n}, \quad (4.8)$$

$Q_{\text{изб жаз}} > Q_{\text{изб кыс}}$, ескерсек жаз кезеңі үшін $Q_{\text{изб}}$ қолданамыз:

Ол үшін бөлменің көлемін табамыз V_n ұзындығы – 15м · ені – 10м · биіктігі – 3,3м, $V_n = 495 \text{ м}^3$

$$Q_n = 31,1 \cdot 860 / 495 = 54,03 \text{ ккал/м}^3$$

Шарты:

$$\leq 20 \text{ ккал/м}^3, \text{ онда } \Delta t = 6^{\circ}\text{C}$$

$$Q_n \geq 20 \text{ ккал/м}^3, \text{ онда } \Delta t = 8^{\circ}\text{C}$$

Біздің мәндерді салыстырамыз:

$$Q_n = 54,03 \text{ ккал/м}^3 \geq 20 \text{ ккал/м}^3, \text{ онда } \Delta t = 8^{\circ}\text{C}$$

Бөлмеге ауаның түсуі үшін қажетті жылу мөлшері:

$$L = Q_{\text{изб}} \cdot 860 / C \cdot \Delta t \cdot \gamma$$

мұнда C – ауаның жылу сыйымдылығы, 1,005 ккал/кг⁰С;

Δt – ауаның жылу кернеулігіне байланысты таңдаймыз

$Q_{\text{н}}$ – ауаның салыстырмалы салмағы, 1,204 кг/м³

$$L = 31,1 \cdot 860 / 1,005 \cdot 8 \cdot 1,204 = 2763 \text{ м}^3/\text{ч}$$

Кондиционерді таңдау негізгі техникалық сипаттамалары бойынша интернет көздері немесе 8 кесте бойынша жүзеге асырылады

SUA и SDA (AMICO) сериялы кондиционерлердің негізгі техникалық параметрлері 4.8 кестеде келтірілген.

4.8 кесте – SUA и SDA кондиционерлердің негізгі техникалық сипаттамалары


| | | | | | | | | | |
|--|-------------------|----------|------|---------------|-------------|------|------|---------------|---------------|
| Модель | | | | | | | | | |
| – SUA жоғары беруі | | 0151 | 0251 | 033 | 0351 | 0501 | | 060 | |
| - SDA төменгі беруі | | 0151 | 0251 | 1 033 1 | 0351 | | 0501 | 1 | 060 1 |
| элетропитание | В/Ф/Гц | 230/1/50 | | | 400/3/350+N | | | | |
| Ауа шығыны | | | | | | | | | |
| макс | м ³ /ч | 1580 | 1580 | 194 | 3020 | 4720 | 4970 | 472 | 497 |
| мин | м ³ /ч | 1040 | 1040 | 0 140 0 | 1940 | 2950 | 3020 | 0 295 0 | 0 302 0 |
| Максималды (24 ⁰ С, 50%) | кВт | 5,9 | 8,0 | 9,5 | 12,7 | 16,7 | 16,7 | 18,9 | 19,0 |
| Суық өнімділігі (26 ⁰ С, 50%) | кВт | 6,2 | 8,5 | 9,6 | 13,4 | 17,7 | 17,7 | 20,0 | 20,1 |
| Компрессор қуаты | кВт | 1,8 | 2,5 | 2,9 | 3,7 | 4,5 | 4,5 | 5,2 | 5,2 |
| Электржылытқыш | кВт | 2,2 | 2,2 | 2,2 | 3,3 | 6,6 | 6,6 | 6,6 | 6,6 |
| Ылғалдандырғыш | кВт | 1,5 | 1,5 | 1,5 | 1,5 | 2,3 | 2,3 | 2,3 | 2,3 |
| Бу шығыны, кг/ч | | 2,0 | 2,0 | 2,0 | 2,0 | 3,0 | 3,0 | 3,0 | 3,0 |
| Выносной | CAL | 0231 | 0251 | 033 | 0361 | 0511 | 0511 | 066 | 066 |
| Стандартты | CAL | 0231 | 0331 | 1 | 0511 | 0661 | 0661 | 1 | 1 |
| Конденсатор | | | | 036 | | | | 080 | 080 |
| Аз қуатты | | | | 1 | | | | 1 | 1 |

4.8 кесте жалғасы

| | | | | | | | | | | |
|-------------------------|-----------------------------------|----|------|------|------|------|------|------|------|------|
| Мөлшері | ұзындығы биіктігі тереңдігі | мм | 1740 | 1740 | 1740 | 1740 | 1740 | 1740 | 1740 | 1740 |
| | | мм | 550 | 550 | 700 | 850 | 1200 | 1200 | 1200 | 1200 |
| | | мм | 450 | 450 | 450 | 450 | 450 | 450 | 450 | 450 |
| Массасы | | кг | 130 | 130 | 150 | 185 | 260 | 260 | 260 | 260 |
| Қосылғы ш желілер | газды | мм | 16 | 16 | 16 | 16 | 16 | 16 | 16 | 16 |
| | сұйық | мм | 12 | 12 | 12 | 16 | 16 | 16 | 16 | 16 |
| | дренажды | мм | 21 | 21 | 21 | 21 | 21 | 21 | 21 | 21 |

Осылайша, кесте бойынша кондиционердің үлгісін таңдаймыз. Біздің дипломдық жұмыста ауа шығыны $3020 \text{ м}^3/\text{сағ}$ болатын SDA сериялы AMICO фирмасының кондиционерін таңдадық, олардың артықшылығы-конструкцияның салыстырмалы қарапайымдылығы, жылдам және жеңіл орнату кезінде жеткілікті төмен құны. Мұндай кондиционерлердің кемшілігі бөлменің таза ауаны беру мүмкіндігі болып табылады

Осы кондиционердің параметрі: суытуы 17,7 кВт, компрессордың қуаты 4,5 кВт, массасы 260 кг, биіктігі=1740 мм, тереңдігі=1200 мм, ені=450 мм.



4.4 сурет – Кеңседе кондиционерді орналастыру схемасы

4.3 Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі бойынша қорытынды

Сыртқы орта факторларының қызметкерлердің жұмыс өнімділігіне әсері орасан. Сондықтан оларға қолайлы жағдай жасау ең бірінші кәсіпорын әкімшілігінің мойнында. Дипломдық жұмыстың мақсаты, қоймадағы тауарлардың қозғалысы мен сақталуына жасалатын есептер бойынша қоймашының жұмыс орнын автоматтандыру жүйесін өндіру болатын. Осыны іске асыру мақсатында есептеулер жүргізілді. Бөлмедегі шу мен

дірілді азайту және өрттің алдын алу мен бастапқы сатыда оны жою қарастырылды.

Жұмыс өнімділігі жарықтануға тура байланысты. Жұмыс орнында жарықтануды дұрыс ұйымдастырып, адамның көру қабілеттілігі сақталып, оның жүйке жүйесінің қалыпты жағдайы қамтамасыз етілуі үшін шамның жарық ағынын есептей келе, көлемі 15x10x3,3м кеңсеге жарық ағыны $\Phi_{л} = 5220$ лм люминесцентті ЛБ80 шамын таңдадық. Шамдар саны 27 дана.

Бөлменің ауасын қалыпты ұстап тұру үшін желдету жүйесін қарастырдық.

Бөлменің жылу шығаратын көздерінен: күннен келетін жылу, адамдардан шығатын жылу, жасанды жарықтандырудан келетін жылу, ЭЕМ-нен келетін жылуды есептеп, жалпы жылу балансын, ауаның түсуі үшін қажетті жылу мөлшерін анықтадық. Нәтижесінде кондиционер орнату туралы шешім қабылданды. Конструкцияның салыстырмалы қарапайымдылығы, жылдам және жеңіл орнату кезінде жеткілікті төмен құнын ескере отырып, ауа шығыны 3020 м³/сағ болатын SDA сериялы AMICO фирмасының кондиционерін таңдадық. Бұл кондиционердің параметрлеріне келетін болсақ: суытуы 17,7 кВт, компрессордың қуаты 4,5 кВт, массасы 260 кг, биіктігі=1740 мм, тереңдігі=1200 мм, ені=450 мм.

5 Экономикалық бөлім

5.1 Экономикалық есептеудің әзірленуі

Глобальды компьютерлік желілердің қарқынды дамуы, ақпарат іздеудің жаңа технологияларының пайда болуы жеке тұлғалар және ұйымдардың назарын Интернет желісіне аударды. Көптеген оқу орындарда кез-келген жұмысты қорғау кезінде жұмыстың бірегей болуын қатты қадағалайды. Кейбіреулері өзінің жүйесін қолданады, басқалары біреулердің жүйесі арқылы тексереді.

Дипломдық жобаның экономикалық бөлімінде бағдарламаны нарыққа енгізгенде оның экономикалық көрсеткіштері айқындалған. Есеп жүрісі бойынша олар мынадай топтарға бөліп қарастырылған:

- жобалауға кететін шығындар;
- бағдарламаны енгізу;
- бағдарламаны көшіріп көбейтіп, этикеткаларын басып шығаруға кеткен қаржы;
- бағдарламаны жарнамалау;
- барлық шығындар;
- кірістер;
- жалпы пайда;
- тиімділік;
- шығынды өтеу мерзімі;
- техника – экономикалық көрсеткіштер.

Жобалауға кететін шығындарды келесідей түрлерге бөліп жіктеуге болады:

- әдебиеттік зерттеуді өткізу;
- патенттік зерттеуді өткізу;
- командировкаға бару;
- бағдарламаны жазу, жүйені немесе құралды жасауға кеткен шығын;
- жазғы демалыс үшін жалақы;
- ауырғандарға төлемдер;
- әлеуметтік салық;
- жобалау және жүйені жасау тобына арендаға үй алу үшін төлем;
- жабдықтарды жалға алу;
- материалдар;
- электроэнергия үшін төлем;
- телефон үшін төленетін төлем;
- интернет үшін төлем.

Бағдарламаны енгізу жұмыстары екі іс-әрекеттен тұрады:

- бағдарламаны енгізу жұмыстары;
- бағдарламаны түзету жұмыстары.

5.2 Жобалауға кететін шығындар

Бұл жобаны жасау үшін бірнеше мамандар қатысады және олар өзіне тиісті қызметтерді атқаратын болады. Жүйенің жобалауы және әдебиеттік зерттеуіне қатысатын мамандар тізімі және шығындары 5.1 – кестеде сипатталған.

5.1 кесте – Әдебиеттік зерттеуді өткізу

| Мамандар | Айлық жалақы, тг. | Зерттеуге кеткен уақыт, ай | Жалпы жалақы, тг |
|---------------|-------------------|----------------------------|------------------|
| Меңгеруші | 120 000 | 1,5 | 180 000 |
| Топ басшысы | 110 000 | 1,5 | 165 000 |
| Жетекші маман | 100 000 | 1,5 | 150 000 |
| Аға инженер | 90 000 | 1,5 | 135 000 |
| Инженер | 80 000 | 1,5 | 120 000 |
| Жүйе техник | 90 000 | 1,5 | 135 000 |
| Барлығы | 885 000 | | |

Жобаны зерттеуге қатысатын адамдар саны және олардың жалақысы, зерттеуге кеткен уақыт, жалпы жалақысы кесте 5.2 - де сипатталған.

5.2 кесте – Патенттік зерттеуді өткізу

| Мамандар | Айлық жалақы, тг. | Зерттеуге кеткен уақыт, ай | Жалпы жалақы, тг |
|---------------|-------------------|----------------------------|------------------|
| Меңгеруші | 100 000 | 1 | 100 000 |
| Топ басшысы | 90 000 | 1 | 90 000 |
| Жетекші маман | 100 000 | 1 | 100 000 |
| Аға инженер | 90 000 | 1 | 90 000 |
| Инженер | 80 000 | 1 | 80 000 |
| Жүйетехник | 90 000 | 1 | 90 000 |
| Барлығы | 550 000 | | |

Веб бетін өңдеу үшін жобалауға кеткен шығындар келесі кесте 5.3 - те сипатталған.

5.3 кесте – Жүйені жасауға қатысатын мамандар тізімі және шығындары

| Мамандар | Айлық жалақы, тг. | Зерттеуге кеткен уақыт, ай | Жалпы жалақы, тг |
|---------------|-------------------|----------------------------|------------------|
| Меңгеруші | 100 000 | 2 | 200 000 |
| Топ басшысы | 90 000 | 2 | 180 000 |
| Жетекші маман | 100 000 | 2 | 200 000 |

5.3 кесте жалғасы

| | | | |
|-------------|----------|---|---------|
| Аға инженер | 90 000 | 2 | 180 000 |
| Инженер | 80 000 | 2 | 160 000 |
| Жүйетехник | 90 000 | 2 | 180 000 |
| Барлығы | 1100 000 | | |

Ережеден артық істегені үшін жалақы келесі формуламен есептеледі:

$$Д=(А+Б+В+Г)*2\%, \quad (5.1)$$

$$Д=(885\ 000+550\ 000+225\ 000+1100\ 000)*2\%=55\ 200\ \text{тг.}$$

Бірінші (А÷Е) сомасынан жеке зейнеткерлер қорына аударымдар шегеріледі, ол 10% тең. Қалған сомадан 11% әлеуметтік салық есептелінеді. Оның мөлшері – 2%. Міндетті әлеуметтік жинау келесі формуламен анықталынады:

$$J_c=0,11*[(А+Б+В+Г+Д)-0,1*(А+Б+В+Г+Д)], \quad (5.2)$$

$$J_c=0,11*[(885\ 000+550\ 000+225\ 000+1100\ 000+55\ 200+723\ 60)-0,1*(885\ 000+550\ 000+225\ 000+1100\ 000+55\ 200+723\ 60)]=0,11[2887\ 560 - 288\ 756] = 285\ 868\ \text{тг.}$$

Әрбір маманға 5м² таза жұмыс ауданы керек. Кіреберісті, дәретхананы, қоймаларды санағанда, бір маманға шамамен 9м² аудан керек. Сол себепті біз мамандарға байланысты жалпы ауданы 40м² екі бөлмелі пәтерді жалға аламыз. Пәтерді жалға алуда төрт ай мерзім алынады. Өйткені, ол сол бағдарламаны зерттеу, жобалау, жүзеге асыру, орнату, өңдеу үшін кететін уақытты толығымен қамтиды. Айына 60 мың теңге төленеді. Бағдарламаны зерттеу, жобалау, жүзеге асыру, орнату үшін кететін уақытты төмендегі формуламен есептеледі:

$$Ш_{\text{жалғ.ал.}}=Б*У, \quad (5.3)$$

мұндағы, Б – жалға алатын пәтердің ауданы 40м² болған кездегі оның бағасы;

Сатып алынатын жабдықтар атауы, саны, бағасы және жалпы төлем мөлшері келесі 5.4 – кестеде сипатталған.

5.4 кесте – Жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындар

| Жабдықтар | Саны | Бағасы, тг. | Жалпы төлем, тг. |
|-----------|------|-------------|------------------|
| Компьютер | 6 | 100 000 | 600 000 |

5.4 кесте жалғасы

| | | | |
|---------|---------|--------|--------|
| Принтер | 2 | 30 000 | 60 000 |
| Телефон | 2 | 5 000 | 10 000 |
| Модем | 1 | 7 000 | 7 000 |
| Барлығы | 677 000 | | |

Амортизацияның дербес компьютерге белгіленген мөлшерінде амортизациялық жылдық аударымдар төмендегі көрсетілген формуламен есептелінеді:

$$A_a = 40\% * B, \quad (5.4)$$

$$A_a = 0,4 * 677\ 000 = 270\ 800 \text{ тг.}$$

Бағдарламалық құралдарды әзірлеу барысында қажетті магнитті дерек тасушыға, қатты дискілер мен басқа да кеңсе тауарларына жұмсалған шығындар есептелген. Олардың атауы, саны, бағасы, сонымен қатар жалпы төлем көрсеткіші 5.5 кестеде сипатталған.

5.5 кесте – Материалдар шығыны

| Материал | Өлшем бірлігі | Саны | Бағасы, тг. | Жалпы төлем, тг. |
|------------------|---------------|------|-------------|------------------|
| Компакт Дискілер | Дана | 30 | 50 | 1500 |
| Қағаз | Бума | 6 | 500 | 3000 |
| СЫМ | Метр | 5 | 100 | 500 |
| Тонер | Дана | 4 | 5 | 20 |
| Қаламдар | Дана | 10 | 50 | 500 |
| Степлер | Дана | 2 | 150 | 300 |
| Папкалар | Дана | 20 | 150 | 3000 |
| Флэшкалар | Дана | 8 | 2000 | 16 000 |
| Барлығы | | | | 24 820 |

Бұл жерде жабдықтарда жұмсалатын электроэнергия үшін төлем анықталынған және ол 5.6 кестеде сипатталған.

5.6 кесте – Жабдықтар қажет ететін электроэнергия шығыны

| Жабдық | Электр қуаты | Бір айда жұмсалатын уақыт | кВт.сағ | Эл.энер. бағасы, тг. | Айлық шығын, тг. |
|-----------|--------------|---------------------------|---------|----------------------|------------------|
| Компьютер | 0,45кВт | 8сағ*25күн=200сағ | 630 | 11 | 6930 |

5.6 кесте жалғасы

| | | | | | |
|---------|---------|----------------------|----|----|------|
| Принтер | 0,30кВт | 3сағ*25күн= 75сағ | 45 | 11 | 495 |
| Барлығы | | | | | 7425 |

Телефон үшін төленетін жалпы төлем бір айдағы төленетін төлем жоба барысындағы барлық уақытқа сәйкестелінеді. Ол былай шығарылады:

$$699 \text{ тг} * 4 \text{ ай} = 2796 \text{ тг.}$$

Коммуналдық төлемдер жүйенің дайын өнім ретінде болғанына дейін төрт айдай мерзім кететіндігі жоғарыда жоспарланған болатын. Ол бір жыл көлемінде төрт ай бойы жылу береді. Сондықтан келесі ретпен коммуналдық төлемдерді есептейміз және нәтижесін көретін боламыз.

а) жылуға кететін айлық шығын келесі көрсетіліп отырғандай формуламен есептелінеді:

$$Ш_{ж} = 4 * V * Ш * 720б, \quad (5.5)$$

мұндағы, V – үйдің жалпы көлемі, m^3 ;

Бөлменің биіктігі – 3м;

$Ш = 30$ ккал – текше метрге сағатына кететін жылудың мөлшері;

720 – бір айдағы сағаттар саны;

$б$ – жылудың бағасы; $2 * 10^{-4}$ тг бір ккал/сағ үшін.

$$Ш_{ж} = 4 * 120m^3 * 30ккал * 720 * 0,004тг = 41\ 472 \text{ тг.}$$

б) офистің ыстық суға кететін шығындары төменде көрсетіліп тұрған формуламен анықталынады:

$$Ш_{ыс.су} = C * Б, \quad (5.6)$$

мұндағы, C – ыстық судың айлық қажет мөлшері;

$Б$ – ыстық су үшін айлық бағасы.

Ыстық суды төрт ай пайдаланатындықтан алтыға көбейтеміз. Ыстық суды екі адамның айлық қолданатын мөлшерін 25 жұмыс күнінде, әрқайсысының күнде шамамен 50л пайдаланғандағы көлемін аламыз.

$$Ш_{ыс.су} = 6,25m^3 * 4 \text{ ай} * 1,969тг = 49\ 225 \text{ тг.}$$

в) суық суға және канализацияға кететін шығындар есебі төмендегі формуламен көрсетілген және сол арқылы есептелінетін болады:

$$\text{Ш}_{\text{суық,су}} = C * \text{Б} + C_{\text{к}} * \text{Б}_{\text{к}}, \quad (5.7)$$

мұндағы, С – суық судың айлық қажет мөлшері;
 Б – суық су үшін айлық бағасы.

$$\text{Ш}_{\text{суық,су}} = 6,25 \text{ м}^3 * 4 \text{ ай} * 41,9 \text{ тг} + 2 \text{ адам} * 0,01 \text{ м}^3 * 25 \text{ күн} * 4 \text{ ай} * 12 \text{ тг} = 1431 \text{ тг}.$$

Интернет үшін төленетін төлем төмендегі формуламен есептеледі:

$$\text{Ш}_{\text{интернет}} = \text{ОБ} + \text{Б} * \text{У}, \quad (5.8)$$

мұндағы, Б – интернет желісі үшін айлық бағасы;
 ОБ – Megaline жоғары жылдамдықты интернет желісін орнату үшін кететін төлем (бір реттік төлем);
 У – интернет желісін пайдаланатын уақыт, ай.

$$\text{Ш}_{\text{интернет}} = 4500 \text{ тг} + 4000 \text{ тг} * 4 \text{ ай} = 20\,500 \text{ тг}.$$

Бағдарламаны бір кәсіпорынға енгізу үшін кеткен төлем 5.7 кестеде сипатталған.

5.7 кесте – Бағдарламаны бір кәсіпорынға енгізу үшін төлем

| Мамандар | Жалақы, тг | Мерзімі, күн | Орнату саны |
|---------------|------------|--------------|-------------|
| Жетекші маман | 100 000 | 3 | 30 |
| Инженер | 80 000 | 3 | 30 |

Енгізу уақытында бағдарламаның келіспеген жерлері ашылады. Сондай-ақ кәсіпорын тұтынушылары өз пікірін ұсынады да, тиісті өзгертілетін жерлер анықталынады. Олардың бәрін ескеріп, бағдарламаны түзетуге үшін кеткен жалпы төлем 5.8 кестеде сипатталған.

5.8 кесте – Бағдарламаны түзету үшін кеткен төлем

| Мамандар | Жалақы, тг | Мерзімі, күн | Орнату саны |
|---------------|------------|--------------|-------------|
| Жетекші маман | 100 000 | 1 | 30 |
| Инженер | 80 000 | 1 | 30 |

5.3 Бағдарламаны жарнамалау

Бағдарламаны жарнамалаумен айналысатын арнайы мекемелерге газет, плакат, кітапша және интернеттегі хабарландырулар арқылы таратып, жарнамаға ұсынады. Бұл баптың сомасын алдағы баптардың сома

қорытындысын 10% алуға болады. Жарнама үшін шығын келесі формуламен көрсетілген:

$$\text{Ш}_{\text{жарнама}}=(A+B+B+\Gamma+D+E)*10\%, \quad (5.9)$$

$$\text{Ш}_{\text{жарнама}}=(885000+550\,000+225\,000+1\,100\,000+55200+72360)*10\%=288756 \text{ тг.}$$

5.4 Барлық шығындар (жобаның өз құны)

Бұл бапта барлық алдыңғы баптардың қосындысы жиналады да барлық шығындар есептелінеді:

$$\text{Ш}=4197\,668 \text{ тг.}$$

Фирмалық баға келесідей жолмен көрсетіліп, төмендегідей болып анықталынады:

$$B_{\text{ф}}=\text{Ш}+\text{П}, \quad (5.10)$$

мұндағы, Ш – барлық шығындар қосындысы;
П – шығынның 20%-ы болып табылатын пайда.

$$\text{П}=4197\,668 \text{ тг} *20\%=839\,533,6 \text{ тг.}$$

$$B_{\text{ф}}=4197\,668 \text{ тг} +839\,533,6\text{тг}=5\,037\,201,6 \text{ тг.}$$

Жалпы баға көрсеткіштері төменгі формуламен есептелініп, анықталынатын болады:

$$B_{\text{ж}}=B_{\text{ф}}+0,13B_{\text{ф}}, \quad (5.11)$$

мұндағы, $B_{\text{ф}}$ – фирмалық баға.

$$B_{\text{ж}}=5037\,201,6 \text{ тг}+0,13*5037\,201,6 \text{ тг}=5\,692\,037,21 \text{ тг.}$$

5.5 Кірістер

Тура кіріс бағдарламаның және жүйенің қанша экземплярлары қандай бағамен сатылатындығын есептеу керек. Қазіргі бағдарламаның бағасы 133 200 теңгені құрайды. Негізінен заңды тұлғаларға сатылатын кезде қымбаттау сатуға да болады.

$$\text{ТК}=\text{Б}=133\,200 \text{ тг.}$$

Жалпы тура кіріс=133 200 тг*90көшірме=11988 000 тг.

Занды тұлғаларға сатылатын бағдарлама мен құралдар кейде қызметтеуді талап етеді. Сол қызметтеудің кірісін жалпы бағадан шамамен 20% аламыз. Қызметтеудің кірісін келесідей жолмен көрсетіп, тиісті есептеу жүргізетін боламыз:

$$ҚК=Бағд.қыз.бағасы*20\%, \quad (5.12)$$

мұндағы, Б – бағдарламаға қызметінің бағасы.

$$ҚК=133\ 200\ тг.*20\%=26640\ тг.$$

$$Жалпы қосымша кіріс=26640\ тг*90=2397\ 600\ тг.$$

Жалпы кіріс көрсеткіштері төмендегідей формуламен анықталынады және келесідей болып есептеледі:

$$Жалпы\ кіріс=Жалпы\ тура\ кіріс + Жалпы\ қосымша\ кіріс \quad (5.13)$$

$$Жалпы\ кіріс=11988\ 000\ тг +2397\ 600\ тг=14385600\ тг.$$

$$Жалпы\ шығын = 4197\ 668\ тг$$

5.6 Тиімділік

Тиімділік көрсеткіші келесі формуламен есептеледі:

$$Тиімділік = Таза\ пайда/Шығындар, \quad (5.14)$$

$$Тиімділік = 5097676,8\ тг/7103204,6\ тг=0,71=71\% \quad \text{яғни, тиімділігі – 71\%}.$$

5.7 Экономикалық есептің жалпы қорытындысы

Көрсетілген жоғарыдағы есептеулер бойынша тауардың веб бетін енгізуде экономикалық тиімді нәтиже алуға мүмкіндік беретіндігіне көз жеткіздік. Жылдық кіріс 5097676,8 тг болғандықтан, бағдарламаны енгізудің қажеттілігі мол. Сонымен, “Кәсіпорында тапсырыстарды есепке алудың ақпараттық жүйесін әзірлеуді” жобалау және енгізу экономикалық жағынан тиімді және жарнама, маркетингтік саясат факторларына байланысты ұтымды. Төменде қорытынды экономикалық көрсеткіштер 5.9 – кестеде сипатталған.

5.9 кесте – Экономикалық көрсеткіштер

| Көрсеткіштер | Мәні |
|------------------------------|--------------|
| Жобаға кеткен шығын | 4019 668 тг |
| Жобаны жасаған мамандар саны | 4 адам |
| Жобаға кеткен уақыт | 4 ай |
| Жобаның бағасы (1 дана) | 133 200 тг |
| Жобаның енгізілетін саны | 90 дана |
| Тура кіріс | 11988 000 тг |
| Қосымша кіріс | 2397 600 тг |
| Жалпы кірістер | 14385600 тг |
| Жалпы пайда | 7282395 тг |
| Таза пайда | 5097676,8 тг |
| Тиімділік | 71% |
| Шығынның өтеу мерзімі | 1 жыл |

Қорытынды

Ақпараттық технологиялардың соңғы уақыттағы даму үрдісі адам өміріне көптеген жаңалықтарды, мол мүмкіншіліктерді, жетістіктері мен нәтижелерін жедел түрде, қолма-қол пайдалана алуға мүмкіндік туғызатын жаңа жүйелерді, нысандарды енгізуге мүмкіндік береді.

Ары қарай интернет технологиясына шолу жасап, ақпараттық жүйені құру технологиясы жасалды. Бұл веб беттегі ақпараттық жүйе HTML тілінде CGA технологиясына PHP, JavaScript, MySQL программалары арқылы жасалды.

Білімді жинақтау, өңдеу және пайдалану процесі үнемі жеделдетіледі. Ақпараттық жүйелерді жобалау-оған қатысатын мамандардың жоғары біліктілігін талап ететін қисынды күрделі, көп еңбекті қажет ететін және ұзақ жұмыс. Бұдан басқа, АЖ құру және жұмыс істеу процесінде пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктері үнемі өзгеріп отырады немесе нақтыланады. Кәсіпорын әртүрлі кіші жүйелерден тұрады, олар жиынтығында сауда кәсіпорнының міндеттерін шешеді. Тандалған тақырыптың өзектілігі ақпараттық технологиялардың кең таралуымен байланысты, Ақпараттық жүйелерді жобалау қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Жобалауда графиктік әдістерді қолдану жүйені көрнекі түрде көрсетуге және оны тұтастай талдауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта барлық кәсіпорындар даму перспективаларын әзірлеумен, шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарын қолдану тиімділігін кешенді бағалаумен, жедел басқару шешімдерін уақтылы әзірлеумен байланысты талдау жұмыстарын кеңейту қажеттілігін бастан кешуде. Кәсіпорында тауарлардың түсуі мен сатылуын есепке алу, жеткізушілермен және сатып алушылармен есеп айырысуды есепке алу, есеп айырысу шоты бойынша операциялар, сандық - сомалық есеп автоматтандырылады. Кәсіпорын үшін сауда процестерін басқаруды автоматтандыру оның жеделдігі мен тиімділігін арттырады, бөлшек сауда желісінің тауарлық жабдықталуын жақсартады.

Қорыта келгенде, осы жазылған дипломдық жұмыстың нәтижесінде көптеген мәліметтер жинақтап, технологияларға зерттеу жүргіздім.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- 1 Б. Бөрібаев. Б. Нақысбеков Т. Мадиярова. "Информатика және есептеуіш техника негіздері". Алматы – 2002.
- 2 Максим К., Игров С., Сергей Г. PHP 5, Практика создание Web – сайтов, 2007.
- 3 Квинт И. HTML, XHTML и CSS, 2010.
- 4 АюЖур, Современный интернет-магазин с нуля, 2013г
- 5 Лаура Томсон, Люк Веллинг. Разработка Web-приложений на PHP и MySQL, Москва «DiaSoft»
- 6 Ричард Вагнер, Аллен Вайк. Javascript, ДиаСофт, 2001г.
- 7 Горев А., Макашарипов С., Владимиров Ю. *MySQL и MicrosoftSQLServer* для профессионалов, 1998.
- 8 Скотт Хокинс, Администрирование Web-сервера Apache и руководство по электронной коммерции, 2001.
- 9 Энди Харрис. «PHP и MySQL для начинающих», М., «Кудиц-Образ»
- 10 Сидерхолм Д. CSS3 для веб-дизайнеров. – Москва, 2013. – 124 с.
- 11 Николай Прохоренок. HTML, JavaScript, PHP и MySQL.
- 12 Джентльменский набор Web-мастера. – БХВ-Петербург, 2010.– 900 с.
- 13 Комолова Н., Яковлева Е. HTML: Самоучитель. 2-е изд. СПб.: Питер, 2011. – 288 с.
- 14 YiiFramework: Разработка веб-приложений на PHP. / Перевод В. Васвани. – СПб: Питер, 2012. – 432 с.